

2. Адлер Ю.П., Маркова Е.В., Грановский Ю.В. Планирование эксперимента при поиске оптимальных условий. – 2-е изд., перераб. и доп.. – М.: Наука, 1976. – 280 с.
3. Джонсон Н., Лион Ф. Статистика и планирование эксперимента в технике и науке. В 2-х томах. – Т.2. Методы планирования эксперимента: пер. с англ. – М.: Мир, 1981. – 520 с.
4. Дэниел К. Применение статистики в промышленном эксперименте. – М.: Мир, 1979. – 299 с.
5. Мельников С.В. Планирование эксперимента в исследованиях сельскохозяйственных процессов. – Л.: Колос, 1980. – 168 с.

Амантур А.Е., Умбаталиев Н.А., Жетпейсов М.Т.

## КҮРİŞШ ЖИНАЙТАНЫ КОМБАЙНЫ ПАРАМЕТРЛЕРИН ОНТАЙЛАНДЫРУДЫ НЕГІЗДЕУ

### ***Анната***

Зерттеудің негізгі мақсаты – күріш биомассының ағынынан дәнді дайындау және бөліп алуды жүзеге асыратын комбайн механизмдері мен құрылғыларын оңтайлы параметрлерін. Ғылыми танымның көпденгейлі едіснамалық тұғырнамасына кіретін объективті және қайта қалпына келетін белгілерге негізделген теориялық-қолданбалы әдістер пайдаланылады. Комбайның жұмыс істейтін құрылымдарының негізгі параметрлері оңтайландырылған.

**Кілт сөздер:** комбайн, кіретін және шығатын параметрлер, күріш дестісін тегістеуге арналған басқару құрылымының параметрлерін көп нысаналы оңтайландыру моделі, регрессия уравнениясы, күрішті бастырудың технологиялық үрдісі.

Amantur A., Umbataliev N., Jetpeisov M.

## RATIONALE FOR OPTIMUM PARAMETERS RISOUNBOROCHNOGO HARVESTER

### ***Annotation***

The main objective of the study - to determine the optimal parameters of mechanisms and devices combine, in preparation for the selection and threshing grain rice biomass. Used theoretical and applied methods, based on objective and reproducible symptoms included in the multilevel methodological concept of scientific knowledge of the dynamics of physical processes. Optimized basic parameters of the working bodies of the combine.

**Keywords:** combine, input and output parameters, multi-objective optimization model of the basic parameters of the control device for leveling cooking rice, the regression equation, technological process of the thresh of rice.

## ӘОЖ 656.1:502/504

**Арипов Е., Альчимбаева А., Сафаргалиев А.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

## АВТОКӨЛІК АҒЫНДАРЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЛАСТАУФА ТИГІЗЕТИН ӘСЕРІ

### ***Анната***

Автокөлік кешенінде экологиялық процессті бағалауда басты сапа өлшемі ретінде жол қабатының тегістігі ұсынылды. Жүргізілген теориялық зерттеулер зиянды заттардың,

шұылдың және ЖКО жол қабатынмен өз ара байланысты екендігі көрсетті. Автокөлік кешендерінің шығарған зиянды заттарының жол қабатына тәуелділіктері зерттелді.


**Kіlt сөздер:** автомобиль жолдары, қоршаған ортаға әсер, парникті газдар, жол қабаты, шуыл.

### Кіріспе

Автомобиль жолдары және онымен қозгалатын автокөліктер экологиялық қауіпті нысандарға жатады. Автомобиль жолдарының экологиялық қауіпсіздігі, оның ең аз мөлшерде тигізетін әсері және жол аумағына жақын табиғи ортаны ластандыру, автомобиль көліктерінің жұмыстары кезінде автомобиль жолдарының инженерлік құрылыштары жатады.

Экологиялық қауіпсіздігі деңгейіне тәуелді олар үш класқа бөлінеді [1]. Бірінші класс – қоршаған ортаға едәуір әсерін тигізетін үлкен нысандар, қозғалыс жолақтары төрт немесе одан жоғары аймақтық магистралдық жолдар. Халықаралық нормаларға және құрылыш құжаттарына сәйкес бірінші классты жол нысандарының іс шаралары экологиялық қауіпті түрлерге жатқызылған. Екінші класс – қоршаған ортаға елеулі әсерін тигізетін, қозғалыс жиілігі 2000 авт/тәу болатын II және III категориялы жолдар мен құрылыш нысандары жатады. Ушінші класс – қоршаған ортаға шамалы әсерін тигізетін, қозғалыс жиілігі 2000 авт/тәу болатын автомобиль жолдары және нысандар жатады.

Автомобиль жолдарымен қозгалатын көлік ағындары, ауа, су, геологиялық ортаға, өсімдік және жануарлар әлеміне, құрылыш аймақтарына әсерін тигізеді [2, 3, 4]. Қоршаған ортаға тигізетін әсерлерге антропогендік іс шаралар, физикалық, химиялық, табиғи ортаның биологиялық өзгерістері бойынша анықталады [5, 6]. Қоршаған ортаға және атмосфераға антропогендік әсерлердің үлғауы, негізінен іштен жану двигательдерінен (ДЖД) шыққан ластаушы заттардың (ЛЗ) шығарылуымен анықталады. Көлік ағындарының (КА) әсер ету аймағы немесе атмосфералық ауаға және тұрғындардың денсаулығына өзіндік ластаушы аймақ түзіледі [7].



Сурет 1 – Көлік ағындарының қоршаған ортаға әсері

### Материалдар мен әдістер

Көлік ағындарының қоршаған ортаны ластауды анықтау факторлары. Көліктердің қалдық газдарды шығару санына әсерлерінен келесі топтарды қарастыруға болады.

1. Жол сипаттамалары,
2. Климаттық жағдайлар,
3. Көлік құралдарының отын түрлеріне байланысты сипаттамалары,
4. Өзіндік фактор.

Ластаушы заттардың мөлшерін анықтайтын келесі факторлаға, көлік құралдарының сипаттамалары жатады. Көліктерді қолданылатын отын түрлері, шығарылатын ластаушы заттардың сапасын және құрамын анықтайды (кесте 1). Соңғы уақыттарда автомобиль көліктерінің газ балонды жабдықтарға ауысуы орын алуда, сонымен қатар бірнеше елдерде альтернативті отын түрін биодизель, биоэтанол пайдалану артуда [5].

Двигательдерден шығатын зиянды заттар құрамын қысқару және енгізілген ластаушы заттарға қарсы іс-шаралар қатаң бақылауға алынуда. Көлік құралдарына двигательдер жасайтын өндіріс орындары, қоршаған ортаны ластауды төмендету талаптарына сай әр түрлі әдістерді пайдалануда .

Кесте - 1. Әр түрлі отын түрлерін пайдаланғанда ИЖД шығатын улы компоненттердің мазмұны

Жанармай түрі	Қалдық газдың токсиндік компоненттері, %				
	СО	C <sub>n</sub> H <sub>m</sub>	NO <sub>x</sub>	Сажа	Бенз(а)-пирен
Бензин	100	100	100	жоқ	100
Бензин+қалдық газдарды бейтараптандыруши	25-30	10	25	жоқ	50
Дизельдік жанармай	10	10	50-80	100	50
Табиғи газ+дизельдік жанармай	8-10	8-10	50-70	20-40	30-40
Сұйытылған көмірсутекті газ	10-20	50-70	30-80	жоқ	3-10
Табиғи газ	5-10	1-10	25-40	жоқ	3-10

Бұл аталған әдістерге картерге желдету жүйесін пайдалану, двигательдің қысу дәрежесін реттеу, тарату білігінің пішінін өзгерту, тұтандыру кезеңін басқару және қоспа түзуді онтайландыру, қалдық газдарды бейтараптандыру [3.4].

Шығарылатын ластаушы заттардың санына климаттық жағдайларда әсерін тигізді. Қоршаған орта температурасы двигательді қыздыруға кеткен уақытқа және сұық кездे қозғалысқа әсерін тигізді. Жол жүрген кезеңдегі ластаушы заттардың оташа мәндері және толық массасы 3,5 т болатын автокөлік құралдарының отын шығыны теңіз деңгейіне тәуелді 2 - кестеде берілген.

Кесте - 2. Теңіз деңгейінен әртүрлі биіктікегі қалдық газдардың мәні, г/км

Двигатель түрі	Теңіз деңгейінен биіктігі, м	Ластаушы заттар түрі			
		C <sub>n</sub> H <sub>m</sub>	СО	NO <sub>x</sub>	күйе
Бензинді тотықтандырып-қалпына келтіретін бейтараптандырығы	1000	2,40	2,60	0,67	-
	2000	10,25	11,42	1,01	-
Карбюраторлы бензинді	1000	1,22	1,78	0,74	-
	2000	1,37	2,48	0,54	-
Вихрекамералы дизель	1000	1,67	1,07	0,92	0,77
	2000	2,30	1,26	0,84	0,81
Тікелей бұрку дизелі	1000	1,09	1,35	1,01	1,12
	2000	1,24	2,37	1,01	1,69


Ластаушы заттарды шығару мөлшеріне жүргізушінің әсері жанама түрде және автомобильдің қозғалыс жалдамдығын тандауда, беріліс қорабын ауыстыру жиілігіне байланысты. Жүргізуші жол жағдайының өзгерісіне байланысты хабарларды қабылдан, өзінің тәжірибесіне және қабілетіне қарай шешім шығарады.

Автокөліктегі шығарылатын газ тәрізді заттар және қатты заттар (күйе, метал тотығы, шандар) 2 кестеде берілген. Атмосфералық ауа сипаттамасына тән, биологиялық активті шоғырландырулар сипаттамасына, ғалымдар дәстүрлі түрде көміртек тотығын (СО), азот тотығын (NO<sub>x</sub>), көмір сутекті (C<sub>n</sub>H<sub>m</sub>), күйені бөліп алады. Негізгі топты құрайтын көмір сутекті қосылыстар [4].

Қазіргі келісілген нормативті сапаға байланысты ластаушы заттардың қауіптілік дәрежесі 4 классқа бөлінеді:

- 1 - төтенше қауіпті заттар;
- 2- жоғары қауіпті заттар;
- 3 – орташа қауіпті заттар;
- 4 – аз қауіпті заттар;

Автокөліктегі шығарылатын ластаушы заттардың қауіптілдік дәрежесіне сәйкес 1-классқа жататын бенз-а-пирен және формальдегид бөліп алуға болады [6].



Сурет 2. Ластаушы заттар классификациясы

### **Шығарылған ластаушы заттардың сапасын бағалау әдістемесі**

Автомосфералық ауаға шығарылатын қалдық заттар туралы хабарларды алу үш жолмен қамтамасыз етіледі:

- Көлік құралдарынан шығарылатын қалдық заттарды бақылайтын сертификатталған және пайдалаудағы құралдар;
- көлік инфракүрылым нысандары жанындағы ауа сапасын сипаттайтын өлшеу құралдары;

Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың есептік инвентаризациясы (қалалық және қала аймағында, жекелеген автомагистралдарда және көліктік нысандарда).

Қазіргі уақытта автокөлік құралдарынан шығарылатын ластаушы заттардың 3 негізгі әдістемесі қолданылады. Осы аталған әдістердің ішінде айрықша колданылатын, шығарылатын ластаушы заттардың орташа қозғалысқа тәуелділік графигі 3 - суретте көлтірілген [7].

Автокөліктегі қозғалыс жылдамдығынан басқа ластаушы заттарды шығару санына, колданылатын отын түрлері әсерін тигізеді. Бұл берілген тәсіл қозғалыс жылдамдығы тұрақты көлік құралдыры үшін тиімді болады.


Коршаған ортаға таралатын зиянды заттарды есептеу әдістері.

Автокөліктегі шығарылатын ластаушы заттар, двигательді қыздыру уақытысында шығатын қалдық газдардан ( $E_n$ ), двигатель сұық кезіндегі қозғалыс кезінде шығарылатын зиянды заттардан ( $E_x$ ) және қызған кезде шығатын зиянды заттар ( $E_r$ ) мөлшерінен тұрады.

$$E = E_n + E_x + E_r \quad (1)$$

Двигательді іске қосу кезіндегі шығарылатын зиянды заттар, двигательді қыздыру уақытысындағы ДЖД бастапқы параметрлерін сипаттайтыны. Двигатель сұық кезінде шығарылатын зиянды заттар ДЖД қозғалыс кезіндегі оптимальды температураға жеткенге дейінгі кезеңін сипаттайтыны.


Двигательдің қызған кезіндегі ластаушы заттардың ауаға шығарылуы, бұл дегеніміз двигатель және көлік құралдарының ластауды төмендету жүйесі (мысалы, қалдық газдарды бейтараптандыру), қалыпты жұмыстық температурага келегін уақыты. ДЖД жұмыстық температурасы 80-95°C, қалдық газдарды бейтараптандыруды шапшаңдатқыш техникалық сипаттамасына тәуелді 220 - 365°C құрайтыны [3].



Сурет 3. Автокөлік құралдарының орташа қозғалыс жылдамдығының шығарылған қалдық газдарға тәуелділік графигі

Автомобиль жолдарының аймақтарда орналасуына, жылдың мезгіліне және температуралық көрсеткіштеріне тәуелді, автокөліктегі шығатын сұық және ыстық күйдегі зиянды заттардың пайыздық қатынасы әр түрлі болады (сурет 4). Жылды уақыттарда 2 - 3 - 95%; ал сұық уақыттарда 10 - 15 - 75%.

Сонғы уақыттарда ластаушы заттардың шығарылуын төмендету маңызды фактор болып табылады. Автокөліктегі бөлініп шығатын зиянды заттарды төмендетуде жаңа техникалық құрылғылар жасалына бастады, оларға двигательді қайта өндеу, қалдық газдарға бейтараптандыруши қондыргысын орнату. Осыған байланысты көлік құралдарын жетілдірудің тағы бір жолы, экологиялық нормаларды орындау.



Сурет 4. Шығарылған қалдық газдардың пайыздық мөлшері

Келтірілген мәліметтер көрсеткендегі жол қабаттарының тегіс еместігі, жол жағдайында және автомобильдердің жөндеу мекемелері орналасқан елді мекендерде экологиялық жағдайдың төмендеуіне әсерін тигізеді. Автомобильдерді пайдаланудағы ең маңызды мәселелердің бірі, парникті газдардың үлкен көлемде шығуы, бұл дегеніміз климаттық жағдайлардың өзгеруіне алып келеді. Экологиялық жағдайды жақсарту үшін, шығарылатын газдарды есепке алуды ұйымдастыру қажет. Жоғарыда келтірілгендей парникті газдардың CO<sub>2</sub> көп мөлшерде шығуы, жол қабатының тегістігі тікелей әсерін тигізеді. Егерде жол қабатының тегістігі мемлекет қабылдаған талаптарға сай болса, онда көліктерден шықкан газдардың мөлшері қанағатанарлық дәрежеде болады [5].

### Қорытынды

1. Жүргізілген шолулар және материалдарды сараптауда атоказілтерден шығатын зиянды заттардың қоршаған ортаны ластауы көлік ағындарына байланыстылығы анықталды.
2. Көлік ағындарының әсерінен қоршаған ортаны ластауы, аяқ қабаттарында зиянды заттардың болуы, топырақ пен судың ластауына әкеледі. Қоршаған ортаның ғаламдық ластауы өзіміз қолдан жасап отырған «басқармалы» параметрлерге жатады.
3. Қалдық газдардың құрамы мен сапасы автоказілтердің құрылымына, техникалық жағдайларына, двигательдің жұмыс режиміне және тұтынатын отын түріне байланысты.
4. Ластаушы заттардың шығарылу санына автомобиль жолдарының өзі көптеген әсерін тигізеді. Зиянды заттардың шығуын бағалауда, автомобиль жолдарының елді мекендерге жақын орналасуы, геометриялық сипаттамалары, көліктік және климаттық жағдайлар ескеріледі.

### Әдебиеттер

1. Павлова Е.И., Бурабаев Ю.В. Экология транспорта: Учеб. для ВУЗов. - М.: Транспорт, 1998-232 с.
2. Ливчак И.Ф., Воронов Ю.В. Охрана окружающей среды.- М.: Колос, 1995.- 270с. Сарбаев В.И. Методология имитационного моделирования выбросов загрязняющих веществ от транспортных потоков. // Системные проблемы надежности качества, информационных и электронных технологий. М., МИЭМ.

3. Козлов Ю.С. Меньшов В.П.. Экологическая безопасность автомобильного транспорта. - М.: Агар: Рандеву-Ам, 2000.-176с.
4. ГОСТ 17.2.2.02-98 Охрана природы. Атмосфера. Нормы и методы определения дымности отработавших газов дизелей, тракторов и самоходных сельскохозяйственных машин М.: 1999.
5. Методика определения массы выбросов загрязняющих веществ автотранспортными средствами в атмосферный воздух. М., 1993 г.
6. Экологическая безопасность транспортных потоков / под ред. А. Б. Дьякова. - М.: Транспорт, 1989. - 128 с.
7. Ложкин В.Н. Загрязнение атмосферы автомобильным транспортом. Справочно-методическое пособие «Автомобильный транспорт как источник загрязнения окружающей природной среды. Проблемы и решения», НПК «Атмосфера», - СПб, 2001, - 298 с.

Арипов Е., Сафаргалиев А., Альчимбаева А.

## ВЛИЯНИЕ АВТОТРАНСПОРТНЫХ ПОТОКОВ НА ЗАГРЯЗНЕНИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

### *Аннотация*

В качестве критерия для экологической оценки процессов в автотранспортном комплексе (АТК) предложен индекс ровности дорожного покрытия. Проведенные теоретические исследования позволили уточнить взаимосвязь вредных выбросов, шума и риска ДТП с ровностью дорожного покрытия. Изучены изменения доли выбросов от различных процессов АТК в зависимости от ровности.

**Ключевые слова:** автомобильные дороги, воздействие на окружающую среду, парниковые газы, ровность покрытия, шум.

Aripov E., Sapargaliev A., Alchimbaeva A.

## THE IMPACT OF ROAD TRAFFIC FLOWS ON ENVIRONMENTAL POLLUTION

### *Annotation*

As criteria for the environmental assessment process in the road transport sector (ATC) proposes an index of flatness of the road surface. Carried out theoretical researches have allowed to clarify the relationship of harmful emissions, noise and risk of accidents with the evenness of the road surface. We studied changes in the proportion of emissions from various processes ATC depending on level surfaces.

**Keywords:** highways, environmental impact, life cycle of the road, greenhouse gases, evenness of coverage, noise.

**ӘОЖ:621.43**

**Жаппарбеков Н.М., Рысбеков А.С.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

**ЗИЛ-4362 АВТОМОБИЛЬДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ**

**КӨРСЕТКІШІН ЖАҚСАРТУ**

### *Андатпа*

Қазіргі нарықтық экономикалық кезінде жүк автокөліктегі орны ерекше. Бірақ сонымен катар олардың коршаған ортаға келтіріп отырған зияны, жанар-жағармайдың шығынының көбейіуі, двигательдің пайдалы әсерінің төмендігі. Сондықтан ЗИЛ-4362 жүк